

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджет шығындарының басым бағыттарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 11 шілдедегі № 169 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 шілдеде № 4863 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 18 қарашадағы № 345 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 18.11.2021 № 345 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Занының 31-бабы 2 тармағына, "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген, Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 213-тармағына (Нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 тіркелді) сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджет шығындарының басым бағыттары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде осы қаулының мемлекеттік тіркелуін;

2) аудан әкімдігінің осы қаулысын мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және қосу үшін оның көшірмесін қағаз және электрондық нұсқада қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы- Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) оны ресми жариялағаннан кейін "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің интернет-ресурсында осы қаулыны орналастыру.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданының әкімі

М.Әбішев

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл аудан әкімдігінің

2018 жылғы "11" шілдедегі

№ 169 қаулысына

қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджет шығындарының басым бағыттары

1. Жалақы және басқа да ақшалай төлемдер, оның ішінде техникалық персоналдың жалақысы және жалақыдан барлық ұстаулар;

2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген ақшалай өтемақылар;

3. Алименттер;

4. Міндепті зейнетакы жарналары, ерікті зейнетакы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндепті әлеуметтік медициналық сактандыруға аударымдар және (немесе) жарналар;

5. Жәрдемақылар, стипендиялар;

6. Банктық қызмет ақысын төлеу;

7. ҚР Үкіметінің борыштық міндептемелерін өтеу және қызмет көрсету жөніндегі төлемдер;

8. Зейнетакы, жәрдемақы және басқа әлеуметтік аударымдар;

9. Бюджет субвенциялары, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер;

10. Отын (ғимараттарды жылды бөлігінде) сатып алуға арналған шығындар;

11. Тамақтануды ұйымдастыру және тамақ өнімдерін сатып алу бойынша қызметтер;

12. Атқарушылық құжаттар мен сот актілерін орындау;

13. Иссапарлар мен қызметтік сапарлар.

Ескерту: қалған төлемдер шоттарының тұсу кезектілігі тәртібімен жүргізіледі

.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК